



**№ 2 (38)
2015**

Меншік иесі және баспагер:

«Қазақстан Республикасының
Заңнама институты» ММ

2006 жылдан бастап шығады

Журналдың материалдары
www.iz.adilet.gov.kz сайтында
орналастырылған

Заң ғылымдары бойынша
диссертациялардың негізгі ғылыми
нәтижелерін жариялауға арналған
басылымдар тізіліміне енгізілген
(ҚР БҒМ БҒСБК 30.05.2013 ж.
№894 бұйрығы)

Редакциялық кеңес:

Б.М. Имашев (Төраға)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смағұлов
И.Ш. Борчашвили

Редакциялық алқа:

Н.М. Әбдіров
З.С. Байниязова (Саратов қ., РФ)
С.Ф. Бычкова
Д. Досмырза
Е.А. Дүйсенов
И.Қ. Елеусізова
А.Д. Жүсіпов
Д.Ж. Игембаев
А.К. Канатов
Т.Е. Қаудыров
Ж.О. Құлжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сағидан
Ә.Г. Сақтағанов
Т.С. Сафарова
М.А. Сәрсембаев

Қазақстан Республикасы Мәдениет
және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің
БАҚ есепке қою туралы куәлігі
№ 11219-Ж 15.11.2010 ж.

Мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы,
010000, Астана қ.,
Орынбор қ., 8 үй
тел: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.iz.adilet.gov.kz

Қазақстан Республикасы Заңнама Институтының Жаршысы

ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛ

МАЗМҰНЫ

Қазақстан Республикасының Әділет министрі
Б.М. ИМАШЕВТЫҢ 2015 жылғы 13 мамырдағы Парламент
Мәжілісінің жалпы отырысында «Жеке детективтік қызмет
туралы» Заң жобасы бойынша сөйлеген сөзі 7

Қазақстан Республикасының Әділет министрі Б. ИМАШЕВ-
ТЫҢ «Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше-мемлекеттер-
дің құқық үстемдігі идеясы» атты ғылыми-практикалық
конференцияда сөйлеген сөзі (Ресей, Санкт-Петербург қ.,
2015 жылғы 26 мамыр) 10

2015 жылғы 15 мамырда «Қазақстан Республикасы
салалық заңнамасы дамуының конституциялық негіздері»
тақырыбында Н.А.Шәйкеновті еске алуға арналған
(«Шәйкенов оқулары») халықаралық ғылыми-практикалық
конференцияда Қазақстан Республикасы Әділет министрінің
орынбасары З.Х. БАЙМОЛДИНАНЫҢ алғы сөзі. 13

Конституциялық және әкімшілік құқық 15

М.А. СӨРСЕМБАЕВ Алматы қаласындағы төтенше жағдай-
лар тәуекелін қаржылық құралдар мен заңнамалар арқылы
төмендету 15
Ж.А. ХАМЗИНА, Е.А. БӨРІБАЕВ, А.Т. ЕРМЕКОВ Әлеуметтік
қарым-қатынастарды конституциялық-құқықтық реттеу 22
З.К. АЮПОВА, Д.Ө. ҚҰСАЙЫНОВ Өзін-өзі билеуге орай
«ұлт құқығы» мен «халықтар құқығы» ұғымдарын теориялық-
құқықтық талдау 30
М.И. ЖҰМАҒҰЛОВ Қазақстан Республикасының әкімшілік
сот ісін жүргізу туралы кодекс жобасын әзірлеу жолында:
әкімшілік сот ісін жүргізу саласында сыбайлас жемқорлық
профилактикасы..... 36

Азаматтық, азаматтық іс жүргізу құқығы 43

И.Қ. ЕЛЕУСІЗОВА, Д.М. ҚАЛКЕНОВА Мүлікті меншікке
беру шарттарының жекелеген түрлері ретінде айырбас және
сыйға тарту шарттарын құқықтық реттеудің кейбір мәселелері 43
Ж.О. ТІЛЕМБАЕВА Ресей мен Қазақстандағы балаларды
қолдау саласындағы жағдайды талдау: проблемалар және
стратегия..... 48
Е.Н. НҮРҒАЛИЕВА, М.Х. ХАСЕНОВ Қазақстан Респуб-
ликасындағы еңбек қатынастарын ырықтандырудың құқық-
тық мәселелері 56

Қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу 64

А.Н. АХПАНОВ, А.О. БАЛҒЫНТАЕВ Қылмыстық процестік келісімді құқықтық реттеудің олқылықтары	64
Р.А. ОРСАЕВА Кәмелетке жасы толмағандардың құқық бұзушылықтарының алдын-алуда отбасының алатын орны (қылмыстық-құқықтық және криминологиялық сипаттама)	68
В.Н. ЖАМУЛДИНОВ Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы және Герман Федеративтік Республикасы заңнамасы бойынша кәмелетке толмағандардың қылмыстық жауаптылығы ..	75
А.Ш. АККУЛЕВ Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық-атқару кодексіндегі бостандықтан айыру орындарының атауын өзгерту мәселелері	79

Халықаралық құқық және салыстырмалы құқықтану 83

Э.Н. НАГОРНАЯ, Т.Н. ЗАЦЕПИНА (Минск қ.) Сот актілерін орындау кезінде ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің келісімдері мен ұлттық заңнаманы сәйкестендірудің маңызы (ТМД Экономикалық Сотының құқық қолдану практикасының мысалдарында)	83
А.Ж. САҒИДАН, М.Е. ЖҰМАБАЕВА Шет елдерде автономды мемлекеттік қызметтің жұмысын ұйымдастыру.....	93
Ж.И. ИБРАГИМОВ Заң жобаларына сараптама жүргізудің құқықтық реттелуі	99

Құқықтық мониторинг 105

Т.С. САФАРОВА Құқықтық саясаттың кейбір теориялық мәселелері: Қазақстан Республикасы және шетелдік тәжірибе	105
А.К. ҚАНАТОВ, Е.М. ЕЛУБАЙ Қылмыстық-құқық сипаттағы қоғамдық қауіпсіздік (жаңа енгізілім мониторингі)	110
А.Д. ЖҮСПОВ Салық органдарының және олардың лауазымды адамдарының келтірген залалын өтеу ерекшеліктері	118
З.Ғ. ҚАЗИЕВ Қазақстан Республикасында құқықтық мониторингі жетілдірудің кейбір мәселелері	123

Мемлекеттік тілде заң шығару тәжірибесінен 127

М.А. АЙЫМБЕТОВ Терминдердің заң лексикасымен және стилімен үйлесімі	127
Б.А. ШОЛАН, М.Б. АСЫЛБАЕВ Заңнама мәтінінде терминдер мен сөз тіркестерін нақты әрі дәлме-дәл қолданудың шарттары	131

Шетелдік тәжірибе 136

Р.В. КИМЛЫК (Ирпень қ., Киев облысы) The special status of minors subject of administrative responsibility (Әкімшілік жауаптылық субъектісі болып табылатын кәмелетке толмағандардың ерекше мәртебесі)	136
Н.В. КИМЛЫК (Ирпень қ., Киев облысы) Criminalistic methods of investigating crimes, which are related to corruption (Сыбайлас жемқорлыққа байланысты қылмыстарды тергеудің криминалистикалық әдістемесі)	142
Н.А. ЖЕРЖ (Ирпень қ., Киев облысы) Application of forensic psychological portraits in investigating specific types of crime (Қылмыстардың жекелеген түрлерін тергеу барысында психологиялық-криминалистикалық портрет әдісін қолдану)	147

Жас ғалым мінбері 153

С.К. КҮМІСБЕКОВ Девиантты мінез-құлық ұғымы туралы	153
К.Р. ТҮСІПБЕКОВ Қылмыстық істер бойынша дәлелдеу процесіндегі жедел іздестіру қызметінің нәтижелерін пайдаланудың кейбір аспектілері	160
А.З. АМАНҒАЛИЕВА Факторинг қатынастарын реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасы	164
Ж.А. МАМИТОВА Бюджеттік қаражатты мақсатсыз пайдаланудың криминализациялануы туралы	172

Е.А. ОМАРОВ Қазақстанда қылмысқа қарсы күресте өзара көмек көрсету институтының пайда болуының алғышарттары	176
М.Н. АБИЛОВА Халықаралық жеке құқықтағы заңды айналып өтуге тыйым салатын норманың мәні туралы мәселеге	182
Д.Ж. СМАҒҰЛОВА Ғарышта қару-жаракты орналастырғаны үшін халықаралық-құқықтық жауапкершілік	188
А.Ж. САДЫҚОВ Квazимемлекеттік сектор қызметі саласындағы халықаралық тәжірибе...	192
Б.Н. БЕЙСЕНАЛИЕВ Жеке адамға қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтардың жекелеген түрлері үшін жауапкершілік мәселелері бойынша шетелдік заңнаманы талдау	196
<i>Ақпараттық хабарламалар</i>	202
2015 ж. 15 мамырда Астана қ. өткізілген «Қазақстан Республикасы салалық заңнамасы дамуының конституциялық негіздері» атты Н.А. Шәйкеновты еске алуға арналған («Шәйкенов оқулары») халықаралық ғылыми-практикалық конференция туралы ақпараттық хабарлама	202
<i>Н.А. Шәйкеновтің максималары мен афоризмдері</i>	205



**№ 2 (38)
2015**

Собственник и издатель:

ГУ «Институт законодательства
Республики Казахстан»

Издается с 2006 года

Все материалы журнала
размещаются на сайте
www.iz.adilet.gov.kz

Включен в перечень изданий
для публикации основных
научных результатов диссертаций
по юридическим наукам
(Приказ ККСОН МОН РК №894
от 30.05.2013 г.)

Редакционный совет:

Б.М. Имашев (Председатель)
З.Х. Баймолдина
А.А. Смагулов
И.Ш. Борчашвили

Редакционная коллегия:

Н.М. Абдиров
З.С. Байниязова (г. Саратов, РФ)
С.Ф. Бычкова
Д. Досмырза
Е.А. Дюсенов
И.К. Елеусизова
А.Д. Жусупов
Д.Ж. Игембаев
А.К. Канатов
Т.Е. Каудыров
Ж.О. Кулжабаева
Ш.Р. Мырзаева
С.М. Рахметов
А.Ж. Сагидан
А.Г. Сактаганов
М.А. Сарсембаев
Т.С. Сафарова

Свидетельство о постановке
на учет СМИ № 11219-Ж
от 15.11.2010 г. Комитета информации
и архивов Министерства культуры
и информации Республики Казахстан

Адрес:

Республика Казахстан,
010000, г. Астана,
ул. Орынбор, д. 8,
тел.: 8(7172)74-02-06; факс: 8(7172)74-14-43
E-mail: instzak-kz@mail.ru
www.iz.adilet.gov.kz

Вестник Института Законодательства Республики Казахстан научно-правовой журнал

СОДЕРЖАНИЕ

Выступление Министра юстиции Республики Казахстан Б.М. ИМАШЕВА на пленарном заседании Мажилиса Парла- мента 13 мая 2015 года по рассмотрению проекта Закона «О частной детективной деятельности»	7
Выступление Министра юстиции Республики Казахстан Б.М. ИМАШЕВА на научно-практической конференции «Идея верховенства права в государствах-членах Шанхайской организации сотрудничества» (26 мая 2015 г., г. Санкт- Петербург, Россия)	10
Приветственное слово заместителя Министра юстиции Республики Казахстан БАЙМОЛДИНОЙ З.Х. на международной научно-практической конференции «Конституционные основы развития отраслевого законодательства Республики Казахстан», посвященной памяти Н.А. Шайкенова («Шайкеновские чтения») 15 мая 2015 года.	13
Конституционное и административное право	15
М.А. САРСЕМБАЕВ Снижать риски чрезвычайных ситуаций в городе Алматы посредством финансов и законов	15
Ж.А. ХАМЗИНА, Е.А. БУРИБАЕВ, А.Т. ЕРМЕКОВ Консти- туционно-правовое регулирование социальных отношений ..	22
З.К. АЮПОВА, Д.У. КУСАИНОВ Теоретико-правовой анализ понятий «право наций» и «право народов» на само- определение	30
М.И. ЖУМАГУЛОВ На пути формирования проекта Кодекса Республики Казахстан об административном судопроизводстве: профилактика коррупции в области административного судопроизводства.....	36
Гражданское и гражданско-процессуальное право	43
И.К. ЕЛЕУСИЗОВА, Д.М. КАЛКЕНОВА Некоторые про- блемы правового регулирования договоров мены и дарения как отдельных видов договоров по передаче имущества в собственность	43
Ж.У. ТЛЕМБАЕВА Анализ ситуации в сфере алиментов на детей в России и Казахстане: проблемы и стратегия	48
Е.Н. НУРГАЛИЕВА, М.Х. ХАСЕНОВ Правовые вопросы либерализации трудовых отношений в Республике Казахстан	56

Уголовное право и уголовный процесс	64
А.Н. АХПАНОВ, А.О. БАЛГЫНТАЕВ Пробелы правового регулирования уголовно-процессуального соглашения	64
Р.А. ОРСАЕВА Роль семьи в предупреждении правонарушений несовершеннолетних (уголовно-правовая и криминологическая характеристика)	68
В.Н. ЖАМУЛДИНОВ Уголовная ответственность несовершеннолетних по законодательству Республики Казахстан, Российской Федерации и Федеративной Республики Германии	75
А.Ш. АККУЛЕВ Вопросы наименования мест лишения свободы по новому Уголовно-исполнительному кодексу Республики Казахстан	79
Международное право и сравнительное правоведение	83
Э.Н. НАГОРНАЯ, Т.Н. ЗАЦЕПИНА (г. Минск) Значение соотношения соглашений государств-участников СНГ и национального законодательства при исполнении судебных актов (на примерах правоприменительной практики Экономического Суда СНГ)	83
А.Ж. САГИДАН, М.Е. ЖУМАБАЕВА Организация деятельности автономной государственной службы в зарубежных странах	93
Ж.И. ИБРАГИМОВ Правовое регулирование проведения экспертизы законопроектов	99
Правовой мониторинг	105
Т.С. САФАРОВА Некоторые теоретические вопросы правовой политики: Республика Казахстан и зарубежный опыт	105
А.К. КАНАТОВ, Е.М. ЕЛУБАЙ Общественная безопасность в уголовно-правовой оболочке (мониторинг нововведений)	110
А.Д. ЖУСУПОВ Особенности возмещения вреда, причиненного налоговыми органами и их должностными лицами	118
З.Г. КАЗИЕВ Некоторые вопросы совершенствования правового мониторинга в Республике Казахстан	123
Из практики законотворчества на государственном языке	127
М.А. АЙЫМБЕТОВ Гармонизация терминов в аспекте законодательной лексики и стилистики	127
Б.А. ШОЛАН, М.Б. АСЫЛБАЕВ Условия точного применения терминов и словосочетаний в законодательстве	131
Зарубежный опыт	136
Р.В. КИМЛЫК (г. Ирпень Киевская обл.) The special status of minors subject of administrative responsibility (Особый статус несовершеннолетних субъекта административной ответственности)	136
Н.В. КИМЛЫК (г. Ирпень Киевская обл.) Criminalistic methods of investigating crimes, which are related to corruption (Криминалистическая методика расследования преступлений, связанных с коррупцией)	142
Н.А. ЖЕРЖ (г. Ирпень Киевская обл.) Application of forensic psychological portraits in investigating specific types of crime (Применение метода психолого-криминалистического портрета при расследовании отдельных видов преступлений).....	147
Трибуна молодого ученого	153
С.К. КУМИСБЕКОВ О понятии девиантного поведения	153
К.Р. ТУСУПБЕКОВ Некоторые аспекты использования результатов оперативно-розыскной деятельности в процессе доказывания по уголовным делам	160
А.З. АМАНГАЛИЕВА Законодательство Республики Казахстан, регулирующее факторинговые отношения	164

Ж.А. МАМИТОВА О криминализации нецелевого использования бюджетных средств	172
Е.А. ОМАРОВ Предпосылки зарождения института взаимопомощи в борьбе с преступностью в Казахстане	176
М.Н. АБИЛОВА К вопросу о значении нормы, запрещающей обход закона в международном частном праве	182
Д.Ж. СМАГУЛОВА Международно-правовая ответственность за размещение оружия в космосе	188
А.Ж. САДЫКОВ Зарубежный опыт в сфере деятельности квазигосударственного сектора...	192
Б.Н. БЕЙСЕНАЛИЕВ Анализ зарубежного законодательства в вопросах ответственности за отдельные виды уголовных правонарушений против личности	196
Информационные сообщения	202
Информационное сообщение о международной научно-практической конференции «Конституционные основы развития отраслевого законодательства Республики Казахстан», посвященной памяти Н.А. Шайкенова («Шайкеновские чтения»), г. Астана, 15 мая 2015 года	202
Максимы и афоризмы Н.А. Шайкенова	205



Шолан Бекен Ахметоллаұлы,
ҚР Заңнама институты
Лингвистика орталығының
НҚА және халықаралық шарттар жобаларына
ғылыми лингвистикалық сараптама
секторының ғылыми қызметкері



Асылбаев Мұрат Бақтиярұлы,
ҚР Заңнама институты
Лингвистика орталығының
аударма секторының
жетекші ғылыми қызметкері,
экономика және бизнес магистрі

ЗАҢНАМА МӘТІНІНДЕ ТЕРМИНДЕР МЕН СӨЗ ТІРКЕСТЕРІН НАҚТЫ ӘРІ ДӘЛМЕ-ДӘЛ ҚОЛДАНУДЫҢ ШАРТТАРЫ

«Тіл туралы» Қазақстан Республикасы Заңның 4-бабында мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін және іс қағаздарын жүргізу тілі екендігі айтылған. Заңның осы талабын орындау жолында айтарлықтай жұмыс атқарылып жатқанын жоққа шығаруға болмайды. Дегенмен де, тілге қатысты заң талаптары әлі де болса толық жүзеге асырылмай келеді.

Заңдардың мәтінін мемлекеттік тілде әзірлеу мәселесінің таяу арада күн тәртібінен түсетін түрі жоқ. Кейбір заңгер-мамандар «Қазақ тілінің әлеуеті ресми заң тілінің жүгін көтере алмайды» деген сыңаржақ пайымдарын білдіріп қалады. Бұл – ақиқатқа жанаспайтын, мүлдем қате пікір. Олар қазақ тілінің дүниежүзіндегі ең бай тілдердің бірі екенін ескере бермейді.

Бірнеше тілді меңгерген фольклор танушы, қазақ мәдениеті мен әдебиетінің белгілі тұлғасы Мәшһүр-Жүсіп Көпей «Дүниедегі ең асыл тіл - араб тілі, одан кейін түрік тілі, түрік тілінің ішіндегі ғауһары - қазақ тілі» деп бекер айтпаса керек. Мәселе тілде емес, мәселе - оның барлық мүмкіндіктерін пайдаланып, жан-жақты игере алмай жүрген мамандарда. Оның заңнамада қолданылу аясын кеңейте түсу қажет. Бұл үшін заң мәтіндерін әзірлеуге білікті (мемлекеттік және ресми тілдерді еркін меңгерген) заңгерлерді, тіл мамандарын, тәжірибелі аудармашыларды тарту керек.

Орыс тілімен салыстырғанда қазақ тілінің

грамматикалық, орфографиялық ерекшеліктері бар, заң мәтіндерін әзірлегенде осы жағына да баса назар аударған жөн деп есептейміз. Мәселен, «ғылым», «білім», «құқық бұзушылық», «мақсатында», «себеппен», «жағдайда», «негізде» және басқа да көптеген сөздер жинтық ұғымды білдіретіндіктен, жекеше түрде жазылуға тиіс. Сондай-ақ алдындағы анықтауышы сан есім болатын зат есімдер де («жеті күн», «бірнеше кәсіпкер», «көптеген жеңілдік», «алты бап» және т.б.) жекеше тұлғада жазылады. Заң жобаларын мемлекеттік тілге аударған кезде тіліміздің осындай өзіндік ерекшеліктері ескеріле бермейді. Мұндай олқылықты кез келген қазақша заңның мәтінінен табуға болады. Сондықтан, мемлекеттік тілдегі заң жобаларын тіл институты ғалымдарының сараптамасынан өткізіп алған артық болмас еді деп ойлаймыз.

Көптеген заң терминдері, сөз тіркестері әртүрлі аударылып, заң мәтіндерінде ала-құла қолданылып жүр. Оларды ғылыми тұрғыдан талдап, бірізге салу жолында айтарлықтай жұмыс жүргізіліп жатқанын атап өткен жөн. Жоғарыда аталған кемшіліктерді анықтап, дұрыс жолға қою үшін Заңнама институты Лингвистикалық орталығының ғылыми қызметкерлері 2015 жылдың ақпан айынан бастап «Қазақстан Республикасының заңнамасында қазақ тіліндегі заң лексикасының қолданылуына мониторинг жүргізу» тақырыбында іргелі және қолданбалы зерттеу бағдарламасын қолға алып, жүзеге

асыра бастады. Бұл күрделі ғылыми жұмыс үш кезеңге бөлінген. Орталықтың қызметкерлері әлеуметтік сала бойынша үш кодексті (Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі, «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі) және басқа да 50 заңды терминдер мен тұрақты сөз тіркестерінің дәлме-дәл әрі теңтүпнұсқалы қолданылуы тұрғысынан талдап, сараптама жасап келеді. Алғашқы кезеңнің өзінде (ақпан – сәуір айлары) осындай тиянақты жұмыстың нәтижесінде жекелеген терминдерге анықтама берілді, сөз тіркестерінің әртүрлі аударылуы, түрліше қолданылуы немесе жаңсақ аудармасы ғылыми тұрғыдан талданып, олардың нақты мағынасын бере алатын оңтайлы нұсқалары ұсынылды.

Мәселен, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі 1-бабының (Кодекстің ұғымдық аппараты) 34-тармақшасында «трудовой арбитраж» деген сөз тіркесі «еңбек төрелік соты» деп, ал осы Кодекстің 168-бабы 5-тармағының 9) тармақшасында «еңбек төрелігі» деп алынған. Яғни, орыс тіліндегі бір мағыналы ұғым мемлекеттік тілде екі түрлі болып аударылған. Осы екі сөз тіркесінің қайсысы дұрыс дегенге келсек, әрине, соңғысына жүгінеміз. «Еңбек төрелік соты» деген сөз тіркесін орыс тіліне кері аударғанда «трудовой арбитражный суд» болып шығады. Осындай екіұдай аударма ұғымның тезаурусынан ауытқуға әкеп соққан.

Сол сияқты осы Кодекстің 1-бабының 71) тармақшасында «тарифная сетка» деген сөздер «тарифтік кесте» деп берілсе, 176-бабының 1-тармағында «тарифтік тор» деп алынған. Бұл арада мәселе балық аулайтын тор туралы емес, тарифтер (цифрлар) орналастырылатын кесте жайында болып отыр. Сондықтан «кесте» деген баламаны қолданған дұрыс.

Кодексте немесе кез келген басқа да заңнамалық актілерде бір терминнің екі түрлі, кейде бірнеше түрлі мағынасын түпмәтініне қарай зерделеп, ұғымды дәлме-дәл беретін нақты нұсқасын ғана пайдаланған жөн. Заңнамалық актілерде жол берілетін болмашы ғана жаңсақтықтың өзі құқықтық нормаларға елеулі түрде әсер етіп, заңгерлерді (судьяларды, адвокаттарды және т.б.) шатастыруы мүмкін. Ал заң нормасы аса дәлдікті, яғни онда қолданылатын терминдердің нақтылығын, ұғымдардың анықтығын талап етеді.

Осы Кодекстің (әсіресе, тоқсаныншы

жылдары қабылданған барлық заңдардың дерлік) ұғымдық аппаратында берілген көптеген терминдердің атаулары өзгеріске ұшырады. Өйткені, уақыт талабына сай жаңа терминдер мен сөз тіркестері, сондай-ақ олардың сәтті аудармалары пайда болды. Айталық, Кодексте «трудовой стаж» - «еңбек стажы» (1-баптың 31) тармақшасы), «тарифная ставка» - «тарифтік ставка» (1-баптың 73) тармақшасы) деп аударылып келген болса, қазір олардың тиісінше «еңбек өтілі» және «тарифтік мөлшерлеме» деген жаңа баламалары қолданылады. Бұлар Республикалық терминологиялық комиссияның отырысында қаралып, бекітілген және ресми баспасөзде жарияланған.

Мұндай мысалдар аз емес. Кез келген заңның ұғымдық аппаратында анықтама берілген терминдер мен сөз тіркестері сол заңның бүкіл мәтінінде қолданылатыны белгілі. Оларды бір ізге түсіру әрбір терминді жан-жақты саралап, терең зерделеуді талап ететіні айтпаса да түсінікті. Болашақта атқарылатын аса жауапты әрі күрделі істің бірі - осы.

Соңғы жылдары негізгі төрт кодекс (Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі, Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексі және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі) қайта дайындалып, 2015 жылдан бастап қолданысқа енгізілді. Оларда жоғарыда аталған кемшіліктер барынша ескеріліп, терминдердің жаңа баламалары қолданылған. Бірақ, әлі аудармасы бір ізге түсіріліп, пысықталмаған басқа да кодекстер, жүздеген заңдар бар ғой. Алдағы уақытта бұл тұрғыдан әлі де көп жұмыс атқаруға тура келеді. Яғни, өзгеріске ұшыраған терминдерді негізгі заңдарға ілесіп заң актілері арқылы бірте-бірте енгізе отырып, бірізділікке қол жеткізуге болады. Бұл үрдіс заң бастамашыларының үнемі қаперінде болуға тиіс.

Көптеген терминдерді ғылыми тұрғыдан сараптама жасамай, Терминком бекіткен нұсқасын ескермей, еркін аударуға деген әуестік бар. Ал, «қолданылған термин ұғымды дәл беріп, мағынасын ашып тұр ма, жоқ па» деген сұраққа ешкім басын қатырып жатпайды. Айталық, орыс тіліндегі «идентификация» термині «сәйкестендіру» (кейде «бірдейлендіру») деп алынып жүр.

Үлкен Энциклопедиялық Сөздікте (Большой Энциклопедический Словарь) осы терминге мынадай анықтама берілген: «Идентификация»

— (от ср. век. лат. identifico отождествлять) 1) признание тождественности, отождествление объектов, опознание; 2) в криминалистике установление тождества объекта или личности по совокупности общих и частных признаков (напр., идентификация личности)». Анықтамадан көріп отырғанымыздай, «идентификация» термині орыс тіліне орта ғасырларда латын транскрипциясынан енгеніне көз жеткіземіз, ол объектілердің ұқсастығын, дәлдігін анықтау немесе нысанның барабарлығын белгілеу деген мағынаны білдіреді екен, яғни, «сәйкестендіру» деген аудармасы терминнің мағынасын толық ашып тұрған жоқ деуге болады. Ал «сәйкестендіру» сөзінің орыс тіліндегі нақты баламасы - «соответствие» екені белгілі. Осы екі термин («идентификация» және «соответствие») бір сөйлемде қатар келгенде қалай болмақ? Әрине, бұл жағдайда қайталауға (тавтология) жол беріліп, термин ұғымының аясы шектеле түседі.

Бұған бір ғана мысал келтіре кетейік.

2014 жылғы 14 қазандағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 9 қосымшаның 2-тармағында «идентификация продукции» – процедура отнесения продукции к области применения технического регламента Союза и установления соответствия продукции технической документации на данную продукцию» деген анықтама былай аударылған: «өнімді сәйкестендіру» - өнімді Одақтың техникалық регламентті қолдану саласына жатқызу және өнімнің осы өнімге арналған техникалық құжаттамаға сәйкестігін белгілеу рәсімі», бұл ретте екі түрлі термин арасындағы мағыналық айырмашылық ескерілмей, тавтологияға жол берілген.

Осының бәрін тәптіштеп айтып отырған себебіміз, қазіргі нарық заманында «идентификация» - заңнамалық актілерде жиі қолданылып жүрген терминдердің бірі. Көп жағдайда оның «сәйкестендіру» деген аудармасы заңдық тұрғыдан мағынасын дәл бере алмайды. Сондықтан «идентификациялау» деген баламасын қалдырған жөн деп есептейміз. Осы орайда Мемлекеттік терминология комиссиясының мүшесі М. Айымбетовтың ҚР Заңнама институтының «Жаршысында» (2014ж., № 4) жарияланған «Лингвистикалық сараптама және заң терминдерінің бірізді қолданылуы» атты мақаласындағы «идентификациялау» терминінің белгілі бір құқық субъектісіне қатысты қолданылу мағынасы «жалпы және жекелей белгілері бойынша нысанның немесе

жеке тұлғаның сәйкестік дәлдігін анықтау процесі» туралы ұғымды білдіреді. Осындағы «сәйкестік дәлдігін анықтау» ұғымын «сәйкестендіру» деп бұрмаланып тұрғанын ескермей қолданып жүрміз» деген пікірі де біздің ойымызды одан әрі нықтай түседі. Оның үстіне, Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясының 2014 жылғы 11 желтоқсандағы отырысында «идентификация» терминінің аудармасын «идентификациялау, сәйкестендіру» деп бекіткен екен. Оның «сәйкестендіру» деген баламасы азаматтардың паспорты мен жеке куәлігінде бұрыннан қолданылып жүрген ЖСН (жеке сәйкестендіру нөмірі) аббревиатурасына байланысты қалдырылған сияқты. Яғни, ол ерекшелік ретінде осы құжаттарда ғана қолданылатын болады. Өйткені, азаматтардың жоғарыда аталған құжаттарын осы термин үшін ауыстыру оңай жұмыс емес екені белгілі. Бұл ретте мынаны айта кеткен жөн, осы термин толықтырылып, екінші басылымға әзірленіп жатқан Заңнама институтының іргелі ғылыми жұмыстарының бірі - «Заң терминдері сөздігіне» енгізілді.

Алдағы уақытта, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050 Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында тіл саясатына ерекше тоқтала келіп: «Біз қазақ тілін жаңғыртуды жүргізуге тиіспіз. Тілді заманға сай үйлестіріп, терминология мәселесінен консенсус іздеу керек. Сонымен қатар, әбден орныққан халықаралық және шет тілінен енген сөздерді қазақ тіліне аудару мәселесін біржола шешу қажет. Бұл мәселе оқшауланған қайраткерлердің ортасында шешілмеуге тиіс. Үкімет мұны реттегені жөн.» - деген ұлағатты сөздерін естен шығармау керек деп ойлаймыз. Шет тілінен енген әрбір терминді Терминологиялық комиссия жіті саралап, ресми түрде қолдануға бағыт беріп отырса, оның нәтижесі де ойдағыдай болар еді.

Терминдер мен жекелеген сөз тіркестерін мемлекеттік тілге аударғанда, қандай заң актісі болмасын дәлдікті, теңтүпнұсқалықты талап етеді, сонымен қатар, көркем шығармалардың ізімен еркін аударуға да жол беруге болмайды. Терминдерді пайдаланғанда оларды ғылыми тұрғыдан сұрыптап, заң нормасының ұғымына нұқсан келтірмей, мағынасын дәл беру аударманың негізгі өлшемі болуға тиіс деп есептейміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан халқына Жолдауы, «Егемен Қазақстан» газеті, 2012 жылғы 15 желтоқсан.
2. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі // «Заң» ДҚ.
3. «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» 1997 жылғы 11 шілдедегі №151 Қазақстан Республикасының Заңы // «Заң» ДҚ.
4. «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» 2005 жылғы 7 ақпандағы №30 Қазақстан Республикасының Заңы // «Заң» ДҚ.
5. 2014 жылғы 14 қазандағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 9 қосымша, «Әділет» ДҚ.
6. Большой Энциклопедический Словарь, «Астрель» баспасы, 2002 г.

Мақалада мемлекеттік тілдің әлеуеті мен рөлі, заңнамалық актілерде жиі пайдаланылатын терминдер мен сөз тіркестерін бірізді әрі дәлме-дәл қолданудың шарттары, кейбір сөздердің (оның ішінде шет тілден кірген сөздердің) аударылу сапасы, қазақ тілінің өзіне тән грамматикалық, орфографиялық ерекшеліктері баяндалады.

Түйін сөздер: тілдің әлеуеті, шет тілінен алынған терминдерді қолдану, термин аудармасының ерекшелігі, теңтүпнұсқалылық.

В статье рассматриваются вопросы потенциала и роли государственного языка, условий единообразного и точного применения часто используемых в законодательных актах терминов и словосочетаний, качества перевода некоторых слов (в том числе заимствованных слов), специфические грамматические, орфографические особенности казахского языка.

Ключевые слова: потенциал языка, применение заимствованных слов, особенности перевода терминов, аутентичность.

The article deals with the capacity and role of the state language, circumstances of uniform and exact use of commonly used in legislation terms and phrases, quality of the translation of certain words (including borrowed words), specific grammar, spelling peculiarities of the Kazakh language.

Keywords: the potential of language, the use of borrowed words, specialty of translation of terms, authenticity.

Бекен Ахметоллаұлы Шолан,

ҚР Заңнама институты Лингвистика орталығының НҚА және халықаралық шарттар жобаларына ғылыми лингвистикалық сараптама секторының ғылыми қызметкері

Мұрат Бақтиярұлы Асылбаев,

ҚР Заңнама институты Лингвистика орталығының Аударма секторының жетекші ғылыми қызметкері, экономика және бизнес магистрі

Заңнама мәтінінде терминдер мен сөз тіркестерін нақты әрі дәлме-дәл қолданудың шарттары

Шолан Бекен Ахметоллаұлы,

научный сотрудник сектора научно-лингвистической экспертизы проектов НПА и международных договоров Института законодательства РК

Асылбаев Мурат Бақтиярович,

ведущий научный сотрудник сектора перевода Центра лингвистика Института законодательства РК, магистр экономики и бизнеса

Условия точного применения терминов и словосочетаний в законодательстве

Sholan Beken,

Research officer of sector of research linguistic expertise of drafts of laws and regulations and international agreements of Linguistic center of SI «Institute of legislation of the Republic of Kazakhstan»

Assylbayev Murat,

leading researcher of the sector of translation of Linguistic center of SI «Institute of legislation of the Republic of Kazakhstan», master of economics and business

The circumstances of the exact use of terms and phrases in the legislation

